

07.07.2021 № X00075



Шамалар арасындағы тәуелділік





СМАГУЛОВА ФАРИЗАТ ОНЛАСЫНОВНА







Түркістан облысы Қазығұрт ауданы

Сабыр Рахимов атындағы ЖОМ. Бастауыш сынып мұғалімі

Мұғалімнің аты-жөні		Смагулова Фаризат Онласыновна						
Пән/Сынып:		Математика / 3-сынып						
Қай аптаның нешінші сабағы		7 аптаның 4-ші сабағы						
Тарау немесе бөлім атауы:		Көбейту және бөлу						
Сабақтың тақырыбы:		Шамалар арасындағы тәуелділік						
Оқу мақсаты:		3.2.3.4. 2 – 3 амалдан тұратын есептерді шығару						
Бағалау критерийі:		Білемін «+», білмеймін «-» белгісін қою.						
Саралап оқыту тапсырмалары								
Ұжымдық жұмыс Жаңа тақырыптың түсіндірілуі		Бірлескен жұмыс (1,2 тапсырма) Тапсырманы ұсыну және дұрыс жауапты ұсыну арқылы үйрету		Жеке жұмыс Тапсырманы ұсыну, оқушылар өз бетімен орындауы				
Уақыты	Кезеңі	Тапсырма	Тапсырманың мақсаты	Бағалау	Ресурстар			
2 минут	Ұйымдас тыру	Тақырып, мақсаттармен таныстыру	Не меңгеретінін білу үшін		Презентация № 1бет			
13 минут	Жаңа сабақ	Жаңа сабақты цифрлық ресурстар арқылы түсіндіру Кестені ауызша толтыру.	Жаңа тақырыпты меңгеру	Тапсырманы орындаған оқушыны ауызша мадақтау	Презентация № 1-2 бет			
		<table border="1"> <tr> <td>Бағасы</td> <td>Саһ</td> <td>Құһ</td> </tr> </table>	Бағасы	Саһ	Құһ			
Бағасы	Саһ	Құһ						

			Ы	Ы	
9	3	27			
теңг	да	те			
е	на	ңг			
		е			
5	6	30			
теңг	да	те			
е	на	ңг			
		е			
4	6	24			
теңг	да	те			
е	на	ңг			
		е			
<p>Заттың құнын білу үшін заттың бағасын оның санына көбейту керек.</p> <p>Қ = б · с _____</p> 					
<p>Сатып алынған заттың санын білу үшін заттың құнын заттың бағасына бөлу керек.</p> <p>с = Қ : б</p> 					
<p>Заттың бағасын білу үшін заттың құнын оның санына бөлу керек.</p> <p>б = Қ : с</p>					

																				
15 минут	Тәжірибе	<p>1-тапсырма «Дүкен» ойыны Сен дүкенге келдің. Әрбір сатып алынған заттың құнын анықта. Кесте бойынша есеп құрастырыңдар. Жолдастарыңнан оны шығаруды сұра. Бос орындарды толтыр және тексер.</p> <table border="1"> <tr><td>9 теңгеден 5 дәптер</td></tr> <tr><td>8 теңгеден 3 хатқалта</td></tr> <tr><td>7 теңгеден 4 дәптерқап</td></tr> <tr><td>8 теңгеден 4 бетбелгі</td></tr> <tr><td>8 теңгеден 2 ашықхат</td></tr> <tr><td>10 теңгеден 5 өшіргіш</td></tr> </table> <p>2- тапсырма Есепті құрастырып, шартын жазып, Шешуін жазып, сұраққа жауабын жазу.</p> <table border="1"> <tr> <td>Болды</td> <td>Сатып алынды</td> </tr> <tr> <td>80 теңге</td> <td></td> </tr> <tr> <td></td> <td>9 теңгеден</td> </tr> </table> <p>Шарты: Болды- 80 тг Сатып алды- 9 тг ден 2 (д)</p>	9 теңгеден 5 дәптер	8 теңгеден 3 хатқалта	7 теңгеден 4 дәптерқап	8 теңгеден 4 бетбелгі	8 теңгеден 2 ашықхат	10 теңгеден 5 өшіргіш	Болды	Сатып алынды	80 теңге			9 теңгеден	Жаңа тақырыпты тәжірибе арқылы меңгеру	<p>Бағалау критерийлерін ұсыну</p> <table border="1"> <tr><td>Дүкен ойынында заттың құнын таба білдім.</td></tr> <tr><td>Кестеге байланысты есеп құрастырдым</td></tr> <tr><td>Кері есеп құрастыра алдым.</td></tr> </table>	Дүкен ойынында заттың құнын таба білдім.	Кестеге байланысты есеп құрастырдым	Кері есеп құрастыра алдым.	Презентация № 3бет
9 теңгеден 5 дәптер																				
8 теңгеден 3 хатқалта																				
7 теңгеден 4 дәптерқап																				
8 теңгеден 4 бетбелгі																				
8 теңгеден 2 ашықхат																				
10 теңгеден 5 өшіргіш																				
Болды	Сатып алынды																			
80 теңге																				
	9 теңгеден																			
Дүкен ойынында заттың құнын таба білдім.																				
Кестеге байланысты есеп құрастырдым																				
Кері есеп құрастыра алдым.																				

		<p>Қалды-? тг Шешуі: 80 тг – 9 Жауабы: қалды 62 теңге</p> <table border="1"> <tr> <td>Болды</td> <td>Сатып алынды</td> </tr> <tr> <td>70 теңге</td> <td></td> </tr> <tr> <td></td> <td>3 теңгеден</td> </tr> </table> <p>Шарты Болды- 70 тг Сатып алды- 3 тг-ден 2 (қ) Қалды-? тг Шешуі: 70 тг – 3 Жауабы: қалды 58 теңге</p> <p><i>Кері есеп құрастырп көрейік!</i> Кері есеп</p> <table border="1"> <tr> <td>Болды</td> <td>Сатып алынды</td> </tr> <tr> <td>? теңге</td> <td></td> </tr> <tr> <td></td> <td>3 теңгеден</td> </tr> </table> <p>Болды- ? тг Сатып алды- 3 тг-ден 2 (қ) Қалды-58 тг Шешуі: 3 тг x 4 + 58 тг Жауабы: болды 70 теңге</p> <p>Дескриптор: Есептеудің ауызша және жазбаша тәсілдерін пайдалана отырып, қосу және азайту амалдарын орындау біліктері, безендіру, түсініктеме беру, дәлелдеу, оқу тапсырмаларын шешуде болжамдар айту</p>	Болды	Сатып алынды	70 теңге			3 теңгеден	Болды	Сатып алынды	? теңге			3 теңгеден	Презентация № 4бет
Болды	Сатып алынды														
70 теңге															
	3 теңгеден														
Болды	Сатып алынды														
? теңге															
	3 теңгеден														

5 минут	Қосымша тапсырма	<p>1. Көбейтудің мәнін қосу амалы арқылы тап. $2 * 2$ $3 * 2$ $2 + 2$ $3 + 3$ $2 * 20$ $30 * 2$ $20 + 20$ $30 + 30$</p> <p>2. Өрнектің мәнін тап. $(85 - 85) * 18$ $(100 - 99) * 32$ $(25 + 49) * 0$ $(80 - 79) * 100$</p> <p>3. Есепті шығар. Әрқайсысы 3 килограмнан 6 банка қияр тұздалды. Барлығы неше килограмм қияр тұздалды?</p> <p><u>Дескриптор:</u> Берілген қосымша тапсырмаларды</p>	Бүгінгі тақырыпты қаншалықты деңгейде меңгергендерін тексеру	10 баллдық жүйемен бағалау Күнделік кз	

		өз бетінше орындайды. —			
3 минут	Бекіту	<p>Жеке тапсырма ұсыну</p> <p>➤ ңгеге не сатып ала аласың?</p> <p>1) Торт, йогурт және шоколад. Иә Жоқ</p> <p>2) Торт, «Чупа Чупс» және батон кәмпит. Иә Жоқ</p> <p>3) Торт, пирожное, «Чупа Чупс» және батон кәмпит. Иә Жоқ</p>	Тақырыпты меңгергенін анықтау	Бағалау критерийлерін ұсыну 500 теңгеге сатып ала алатын нұсқаны дұрыс белгіледім.	Презентация № 5 бет

		4) Йогурт, батон кәмпит және шырын. Иә Жоқ 5) Йогурт, шоколад, шырын және торт. Иә Жоқ 6) Йогурт, батон кәмпит, шырын және «Чупа Чупс» Иә Жоқ			
2 минут	Кері байланыс	"Ауа райы" әдісі	Бүгінгі сабаққа кері байланыс орнату		

«Тәрбиеші болу-бір бақыт»

МЫРЗАМУРАТОВА ЖАНАТ ЖАУЛАНОВНА

Шымкент қаласы № 82 «Еркемай» бөбекжай бақшасы. Тәрбиеші

Бала тәрбиесінің негізі балабақшада қаланады. Баланы жеке тұлға етіп тәрбиелеу үшін, әрине тәрбиешінің жеке басының өзі соған сай болуы керек.

Белгілі орыс педагогы Ушинский айтқандай «Тәрбиенің қайнар көзі тек адамның жеке басының өнегесіне негізделген» Шындығында да, тәрбиешінің өзі- өзгеге үлгі болуы керек.

Яғни тәрбиешінің бойынан адамгершілік қасиеттері: мейірімділік, қарапайымдылық, әділдік ең бастысы өз мамандығын сүйе білуі керек.

Тәрбиеші жан –жақты болса ғана, өз маманының ұстасы болады деп ойлаймын. Сондықтан да тәрбиешінің жеке басына ерекше талаптар жүктеледі. Тәрбиеші-жай ғана мандық емес. Ол адам бағдарын жасаушы, келешек ұрпақтың сәулетшісі. Бұл сөздің астында тәрбиеші мамандығының үлкен жауапкершілік иесі екендігінің айқындап тұр.

Балабақшадағы жұмыс әрі қызықты, әрі жауапты.

Жауаптылығы сол - Отанға лайықты тұлғаларды қалыптастыруды ең алғашқы баспалдағы, қызықтысы - жас бүлдіршіндермен араласып, олардың тәтті қиялынын туындайтын әр сөзіне, балаң көңілінен ұштасып жатқан іс-әрекеттерін тамашалаудың өзі бір ғанибет.

Қиындығы мен қызығы, ауыртпалығы мен жауапкершілігі қатар жүретін осы еңбектің жолындағы педагогикалық ұстанымын-әр тәрбиеленушінің бойынан жылт еткен жақсылықты, талап пен талантты тауып, білім бұлағының көзін ашып биік шыңдарға жетелеу. Тәрбиешісі ғана болмай екінші анасындай болуға тырысу. Анасындай мейірім мен қамқорлық танытып бала көңіліне өткел таба білу. Жай ғана білімен сусындатып қоймай, бала жанына тереңінен үңіліп, бүлдіршіндерді жан-тәнімен сүйе алатын тәрбиешісі ғана нағыз маман дер едім.

Ұлы педагог Г.Песталоцци «Егер де сүйе білмесең, тәрбиелеуге құқығың жоқ», - деген екен.

Баланы тәрбиелеудің негізгі мақсатым-дені сау, ұлттық сана –сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, бойында игі қасиеттер қалыптасқан патриот ұрпақ тәрбиелеу. Сонымен қатар балаларды имандылыққа тәрбиелей отырып бала бойына мейірімділікті, қайырымдылықты, ізгілікпен кішіпейілділікті бойына сіңіру.

Француз ағартушысы, жазушы Жан-Жак Руссо «Бала туғанда ақ қағаздай болып таза туды, оның үстіне шыймайды қалай салсаң, қағаз бетіне солай түседі, бала тәрбиесі сол сияқты, өзің қалай тәрбиелесең ол солай тәрбиеленеді» - деген.

Тәрбиешінің әрбір өткізген сабағы баланың ақыл-ой парасатын дамыта білетіндей, баланың жас ерекшелігіне сай құрылса, баланың ынта –жігері артары сөзсіз деп білемін.

Өзімнің еңбек жолымда әрдайым балалардың тілін, ой-өрісін, тіл байлығын дамыту мақсатында ертегілерден көріністер ұйымдастырамын. Себебі бала ролде өзі ойнаса сол кейіпкердің бойындағы барлық қасиет дағдыларын ой елегінен өткізіп саралайды. Ақылмен ойланады.

Ол үшін тәрбиеші бойындағы асыл қасиет – ақыл-парасат болуы шарт. Баланың ішкі жан дүниесіне жол тартқан тәрбиеші ең нәзік те мөлдір, алайда сонымен қоса, ең күрделі де жұмбақ әлемге енеді.

Осы әлемнің ішінде, осы әлеммен қатар, үндесе өмір сүруі тиіс.

Ол үшін сол мөлдір әлемнің айқыш-ұйқыш құбылыстары мен қағидаларын, заңдылықтары мен жұмбақтарын барынша тереңірек түсініп, парықтай алатын айқын да қуатты ақыл-парасат қажет.

Адам жанын аялай отырып, түсінетін нәзік те әмбебап табиғи құрал керек.

Сократтың «Таным – бұл жақсылық» деген пәлсәпалық қағидасы дәл осы жерде тікелей мағынасына ие. Баланың жан дүниесін неғұрлым терең таныған сайын тәрбиеші оның тұлға ретінде жетілуіне септігін тигізе алады.

ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ ПІШІНДЕР

ЭШМУРАДОВА ЖАРКИНОЙ КАДИРКУЛОВНА

Түркістан облысы, Жетысай қаласы, Сәтпаев елді мекені

«Сәби» балабақшасының тәрбиешісі

Білім беру салалары: таным, шығармашылық.

Бөлімі: Математика негіздері.

Мақсаты: геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту: шеңбер, шаршы, үшбұрыш.

Міндеттері: геометриялық пішіндер үлгілерін қимақағаздағы бейнесінің үстіне салып қарауға жаттықтыру; қоршаған ортадан басқа да геометриялық пішіндерге ұқсайтын заттарды таба білуге үйретуді жалғастыру; геометриялық пішіндер белгілерін ажырата білу және атау білігін бекіту; пішінді оң қолымен алып, солдан оңға қарай қойып шығу білігін дамыту; «теңбе-тең» сөзін қолдануды үйрету; заттар мен пішіндерді көру-қозғаусезу тәсілдерімен зерттеу білігін дамыту; бақылағыштығын, назар аударуын тәрбиелеу.

Күтілетін нәтижелер:

біледі: геометриялық пішіндерді ажыратады және атайды: шеңбер, шаршы, үшбұрыш; «сонша, неше...», «теңбе-тең» терминдерін;

түсінеді: қоршаған ортадағы кейбір заттар геометриялық пішіндерге: шеңбер, шаршы және үшбұрышқа ұқсайтынын; қолданады: тапсырманың дұрыс орындалғанын тексеру үшін заттарды оңнан солға қарай үстіне қою әдісін қолдануды; жапсырмамен жұмыс жасау дағдысын, ұқсас заттарды табу дағдысын.

Құрал-жабдықтар мен материалдар: шаршы, шеңбер, үшбұрыш макеттері; «геометриялық пішіндер карточкасы»; әуен, құрсаулар – 3; геометриялық пішіндер салынған табақ; үлестірмелі материалдар: жұмыс дәптері, жай қарындаш және жапсырмалар.

Сөздік жұмыс: шеңбер, үшбұрыш, шаршы.

Билингвальды компонент: шеңбер-круг, үшбұрыш-треугольник, шаршы – квадрат.

ҰОҚ-нің барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі. Педагог: Бүгін біз геометриялық пішіндер еліне қонаққа аттанамыз. Келісесіңдер ме? Онда аттанамыз.

2. Негізгі кезең. «Шешуін тап және ата» ойыны.

Педагог жұмбақ жасырады: Дөңгелек дөңгелейді, Доңғалақ доңғалайды. Олар неге ұқсайды? Әрине, бұл ... (Шеңбер)

Сұрақтар қояды:

–Шеңберден басқа қандай геометриялық пішіндерді білесіңдер?

Фланелеграфпен жұмыс істеу.

Педагог фланелеграфта ілулі тұрған әр геометриялық пішіндерді көрсетіп сұрайды.

–Мынау қандай геометриялық фигура?

Не нәрсе шеңберге ұқсас болады?

Не нәрсе үшбұрышты болады?

Не нәрсе шаршы болады?

Балалардың назарын суреттегі карточкаға аударады

– жоғары жақта қанша шаршы болса, төменгі жағына солдан оңға қарай сонша шаршы орналастыру керек. Соны көрсетеді.(4 шаршы)

«Өзіңнің карточкаңа жапсыр» ойыны.

Жұмыс дәптері, 1-тапсырма. Педагог балаларға жоғарғы жолақта қанша геометриялық пішін болса, төменгі жаққа сонша геометриялық пішін жапсыруға тапсырма береді.

Сұрақтар қояды: Төменгі жағына неше шаршы орналастырдыңдар? Төменгі жағында неше шаршы болды?

Содан кейін төменгі жағына жоғарғы жағында неше дөңгелек болса, сонша дөңгелек жапсыруды ұсынады. (2 шеңбер).

Төменгі жағына неше шеңбер жапсырасыңдар?

Тағы да жоғарғы жағында неше үшбұрыш болса, төменгі жағына сонша үшбұрыш жапсыруды ұсынады (3 үшбұрыш).

Төменгі жағына неше үшбұрыш жапсырасыңдар?

Олар нешеу болды? Балалар тапсырманы орындайды.

Педагог балалар тапсырманы дұрыс орындағандарын тексереді, жеке жұмыс жүргізеді.

Сөздік жұмыс: дөңгелек, үшбұрыш, шаршы.

Билингвальды компонент: дөңгелек – круг, үшбұрыш – треугольник, шаршы – квадрат.

Қимылды ойын: «Өз үйіңді тап» Кілем үстінде әр құрсаудың ішінде бір геометриялық пішіндерден: шеңбер, шаршы, үшбұрыш жатыр. Педагог балаларға табақтан бір геометриялық пішіндерден алуды ұсынады. Әуенді қосады. Кілем үстінде жүруді ұсынады. Әуен тоқтағанда, әрқайсысы өз үйіне жүгіріп кіруі тиіс (құрсау ішіне): қолында шеңбер барлар, шеңбер жатқан құрсауға, 76 қолында үшбұрыш барлар, үшбұрышқа, қолында шаршы барлар, шаршы жатқан құрсауға жүгіреді. Педагог балалардың дұрыс өз үйіне кіргенін тексереді. Содан кейін тағы әуенді қосады, балалар бұл кезде пішіндерді қайта табаққа салып, әуен аяқталғанда өз орындықтарына отыра қалады.

Ойын: «Заттар қандай геометриялық пішіндерге ұқсайды?»

(2-тапсырма). Балаларға суреттерді қарап, онда бейнеленген заттарды атауды

сұрайды. Геометриялық пішіндеріне оларға ұқсайтын заттарға дейін сызып қосуға тапсырма береді. Балалар тапсырманы орындайды. Педагог балалар тапсырманы дұрыс орындағандарын тексереді, жеке жұмыс жүргізеді.

3.Рефлексия. Педагог қорытынды жасайды. Топ ішіндегі геометриялық пішіндерге (шаршы, шеңбер және үшбұрыш) ұқсайтын заттарды табындар. Үш баланы шақырып, біреуіне топ бөлмесінен шеңберге ұқсайтын затты, екіншісіне шаршыға ұқсайтын затты, ал үшіншісіне үшбұрышқа ұқсайтын затты алып келуді өтінеді.

№ X00067 01.07.2021ж.

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

УМАРОВА ОРАЗКУЛ ЖАКСЫЛЫКОВНА

Түркістан облысы, Жетысай ауданы, Сәтбаев елді мекені
«Сәби» бөбекжай балабақшасының тәрбиешісі

Елбасы Н.Назарбаев «Қазақстан – 2050» стратегиясында білім мен ғылымның басында жүрген тұлғаларға жсауапты тапсырма жүктеді.

"Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Қазіргі әлемде жай ғана жаппай сауаттылық жеткіліксіз болып қалғалы қашан. Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс. Бізге оқыту әдістемелерін жаңғырту және өңірлік мектеп орталықтарын құра отырып, білім берудің **онлайн-жүйелерін** белсене дамыту керек болады. Біз қалайтындардың барлығы үшін қашықтан оқытуды және онлайн режимінде оқытуды қоса, отандық білім беру жүйесіне инновациялық әдістерді, шешімдерді және құралдарды қарқынды енгізуге тиіспіз. Ескірген немесе сұраныс жоқ ғылыми және білім пәндерінен арылу, сонымен бірге сұраныс көп және болашағы бар бағыттарды күшейту қажет»- деп Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айтқанындай бүгінгі таңдағы мектептерде, колледждерде, арнаулы техникалық оқу орындарында және де ЖОО-да онлайн оқыту жүйесін енгізу басты міндет және заман талабы болып отыр.

Бүгінде еліміздің білім беру жүйесінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың рөлі күннен-күнге артып келеді. Осы орайда әлемдік тәжірибеде қашықтан білім берудің орны ерекшеленіп тұр. АҚШ-та 1 миллионнан астам адам қашықтан оқыту арқылы білім алса, Францияның ұлттық қашықтан оқыту орталығы жыл сайын әлемнің 120 мемлекетінен 35 мыңнан астам қолданушыларды қамтамасыз етеді. Ал Түркияда алыс аймақтағы тұрғындарға мамандық алуға көмектесу мақсатында 1974 жылдан ашық университет жұмыс істейді екен. Қосымша сабақ ретіне теле-радио арқылы курстар өткізеді. Осылай 12 000-нан астам қолданушыларды игереді.

Қазір дәстүрлі қашықтан оқыту, электронды қашықтан оқыту, аудиториялық сабаққа түрлі электронды құралдарды пайдалану сияқты қашықтан оқыту үлгісінің 2000-ға жуық түрі бар екен. Соның ішінде еліміздің жоғары оқу орындарында кейс, желілі және телевидение сынды ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарының көмегімен қашықтан оқыту түрі таңдалған-ды.

Бұл оқыту әдістемесінің мүмкіншіліктеріне тоқталар болсам, қазіргі таңдағы жағдайы төмен, жартылай кеміс, жетім және де мүмкіншілігі шектеулі жандар еліміздің түкпір – түкпірінде білімсіз болып қалып қояда. Бұған себеп өте көп. Мысалыға әлеуметтік жағдайы, денсаулығы және тағыда басқа көптеген мәселелер бастан асады. "Кез-келген Қазақстан азаматы орта білімді тегін алуға құқылы",- деп Ата заңымызда айтылғандай, кез-келген кемтар балалар, төсекке таңылған мүмкіндігі шектеулі жандар болсын үйінде отырып-ақ, мұғалімдермен келісіп отырып, орта білім болсын, жоғары болсын дәріс ала алу мүмкіншілігіне ие болады. Осы мәселелердің тиімді де әрі оңай шешімі - **қашықтықтан оқыту жүйесі деп ойлаймын.**

Бұл оқыту жүйесінің тағы да мүмкіншіліктері,яғни шетелдік тәжірибеге сүйенсек, қашықтықтан оқытудың тиімділігі – студенттің университетке бармай-ақ, өзіне ыңғайлы жерде отырып, берілген тапсырманы орындай беретіндігі, яғни уақыттың ұтымдылығы, екіншіден, оқу ақысының арзан болатындығы, шалғайдағы шетел жоғары оқу орнын елде жүріп-ақ оқып, диплом алу мүмкіндігінің болуы.

Біз үшін қашықтықтан оқытудың маңыздылығы – білім берудің біртұтас ақпараттық жүйесін құру арқылы студенттердің білім деңгейін көтеру. Сонымен қатар әлемдік ақпарат кеңістігіне жол ашып, оқушылардың ғылыми және шығармашылық ізденістерін арттырып, білікті маман дайындап, оны өз игілігімізге жарата білсек, ұтар тұсымыз да сол болмақ.

Егер Қазақстан ендігі елу жылда әлемдегі ең дамыған отыз елдің қатарына енуін көздесек, ұлт Көшбасшысының стратегиялық жоспарын жүйелі түрде жүзеге асыруға аянбай атсалысуымыз керек. Бұған әрбір ғалым, әрбір жекелеген оқу орны өз үлесі мен күшін қосуға міндетті. Осы орайда М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті білім берудің бірқатар жаңа технологияларын енгізгендігін айтқанымыз жөн. Мәселен, соңғы кездері оқу орнының базасында қашықтықтан оқыту технологиясы дайындалып, арнайы орталық құрылды. Жаңа тәсілдің қыр-сырын меңгеруге алдымен оқытушылар құрамы жұмылдырылды. Университеттің тың ізденісінің нәтижесінде аймақтағы өзге де оқу орындары мен түрлі мемлекеттік және жекелеген ұйым өкілдері де қашықтықтан оқыту орталығы арқылы өз білімдерін жетілдіруге құштарлық танытып отыр.

Қашықтықтан оқытуда негізгі күш – электронды технологияларды басқарып отыратын оқытушыға түседі. Мұны саланың тілінде **тьютор** деп атайды. Жоғары біліктілігі бар кәсіби маман мол ақпараттар шоғырын пайдалана отырып, орталыққа тіркелген студенттерге тапсырмаларды беріп, іздену көздеріне бағыттап тұрады. Сонымен бірге олардың жинақтаған білімдері аясында міндеттерді қаншалықты еңсергені жөнінде де бағалай алады. Әрине, электронды оқыту жүйесін мықтап меңгерген маман табу оңай емес.

Елбасы Жолдауында айтылғандай, еліміздегі әрбір ғылыми орталық, яғни жоғары оқу орындары өз базасының аясында отандық ғылымды дамытудың салалы жолдарын қарастыруы қажет.

Бәсекеге қабілетті ұлтты ұйымдастыратын да, ұмтылдыратын да ұрпағы. Ұлы кемеңгер Мұхтар Әуезовше айтсақ, «Адам мен адамды теңестіретін күш – білім». Осыларды межеге алып, тынымсыз ізденісті жалғастырғанда ғана әлемдегі ең дамыған мемлекеттермен тереземіздің теңесетіндігі анық.

Қашықтан білім беру үрдісі білім беруді басқаруға арналған модульді, объектті-бағытталған «Moodle» жүйесіне негізделген.

Бұл жүйе Қашықтың Білім Беру Жүйесі ретінде Еуропа елдерінде кеңінен таралып, танылған. «Moodle» тұғырнамасы Open University (UK), Microsoft (US), Google (US) и Istituto Superiore di Sanità - ISS (Italy) сияқты ұйымдардың белсенді дамытуы мен қолданысында. Мысалыға алар болсақ алдыңғы жылда Америкалық жоғарғы оқу орындары онлайн оқыту жүйесінде көшті, сол жайлы қысқаша мағлұмат бере өтсек:

"Америкалық жоғарғы оқу орындары онлайн оқыту жүйесінде көшті. 2012 жылдың 2 мамырында Кембридже (АҚШ) өткен баспасөз мәслихатында Гарвард университеті мен Массачусет технологиялық институты өкілдері бірлескен edX қашықтықтан онлайн оқыту жобасы іске қосылғандығы туралы мәлім етті.

Жоғарғы оқу орындары өкілдеріне сілтеме жасай отырып, Лента.ру хабарлағандай, олар «онлайн оқыту жүйесінде төңкеріс» жасамақ, яғни оны тегін, сапалы және барынша қолжетімді етпек. Онлайн оқытуға жобаны жасаушылар лекциялардың видеокурсын ғана емес, сынақтама, оқытушы жағынан бақылау мен топтағы қарым-қатынасты қамтитын қашықтықтан оқыту сабақтарының толық кешенін енгізіп отыр.

Аталмыш мақсатта edX авторлары оқу үрдісін қадағалап қана қоймайтын, сонымен қатар қолда бар бағдарламаларды жақсарту мақсатында оқушылардың жүріс-тұрысын сараптайтын арнайы бағдарламалық қамсыздандыруды құрмақ. Оны авторлар қолжетімді етіп жасайтын болады және де өзге де білім шаңырақтарын бағдарламаны қолдануға шақырады." - деп хабарлады Лента.ру сайтында.

Қазіргі таңда қашықтан білім бері үрдісін қамтамассыздандыру мақсатында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де және М.Әуезов атындағы ОҚМУ-да т.б жоғарғы оқу орындарында заманауи компьютерлік технологияларды сонымен қатар электронды оқулықтар мен виртуалды зертхана кешендері өндірісінде өте жаңа өңдеулерді қолдана отырып, электронды оқу материалдарын белсенді түрде әзірлеуде.

Білім беру скринкасттарын, видеодәрістерін және подкасттарын даярлау үшін білім беру аудио-видео материалдарды жазатын, өңдейтін және трансляциялайтын жаңа программалық қамтамассыздандырулар қолданылады.

Қашықтан білім беру курстарының көбі видеодәрістермен қамтамасыздандырылған және интернет жүйесі арқылы оқытушымен реалды уақыт тәртібінде online тілдесу мүмкіндігін береді.

Қашықтан білім беру үрдісінің қатысушылары арасында online байланысты қамтамасыздандыру үшін дәрістерге, студенттердің бітіру жұмыстарын қорғауларына қатысу әсерін толығымен қамтамасыздандыратын **Adobe Connect** заманауи онлайн видео конференциясы қолданылады.

Қашықтан білім беру үрдісі кез келген уақытта қол жетімді және студенттер мен оқытушылардың орналасу жерінен тәуелсіз.

Қазіргі заман талаптарына сай және біздің еліміздегі жетекші мамандарының заманауи ақпараттық технологиялары пайдалана отырып өңдеген, қашықтықтан оқитын курстар ұсына алады.

Сонымен қатар онлайн жүйесімен оқытумен қоса электронды оқыту жүйесі де кеңінен қолға алынуда. Сол жайында қысқаша мағлұмат бере өтсек: 2011-2020 жылдары Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес Республикада

Е-Learning электронды оқыту жүйесін енгізу көзделген. 2015 жылға электронды оқытумен білім беру ұйымдарының 50 пайызын қамту, 2020 жылға көрсеткішті 90 пайызға дейін жеткізу мақсаты қойылған.

Электронды оқыту Е-Learning жүйесі жаңа ақпараттық қатынастық технологиялардың кең мүмкіндігі арқылы жалпы орта білім берудің көптеген маңызды мәселелерін шешуге ықпал етеді.

Атап айтсақ:

- Оқыту үшін аумақтық шектеудің болмауы;
- Оқытудың өзіндік ырғағын таңдау мүмкіндігі;
- Оқытудың алуан түрлі құралдары мен әдістері;
- Жоғары сапалы материалдарға қол жеткізу.

МАЗМҰНЫ

- СМАГУЛОВА ФАРИЗАТ ОНЛАСЫНОВНА
- МЫРЗАМУРАТОВА ЖАНАТ ЖАУЛАНОВНА
- ЭШМУРАДОВА ЖАРКИНОЙ КАДИРКУЛОВНА
- УМАРОВА ОРАЗКУЛ ЖАКСЫЛЫКОВНА